

Білім беру саласы: Таным

Пән: Математика негіздері

Тақырыбы: 1,2,3, цифрлары туралы өткенді пысықтау».Биік аласа.Балалардың зейінін дамыту.

Мақсаты:

1.Тәрбиелік: Тапқырлыққа тәрбиелеу.

2.Дамытушылық: Есте сақтау, ойлау, қабілеттерін, зейінін дамыту.

3.Оқыту: 3 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру.Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып ,оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау. Бір біріне ұқсас суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін арттыру.

«Үш қыз» әңгімесі

-Айша,Алия, Әнел деген үш қыз өмір сүріпті.Қыздардың бойлары да әртүрлі екен.


-Айша ең ұзыны

-Алияның бойы қысқа

-Әнелдің бойы одан да қысқа болыпты.

Үш қыздың жеке үйлері бар екен. -Биік үй, аласа үй,ең аласа үй.

Тапсырма: Әр қыздың қай үйде тұратынын тауып, олардың үйіне қарындашпен жол салайық.



Тапсырма: Суреттерді цифрмен сәйкестендіріп, сызықпен қосу.

-цифр мен саны жағынан сәйкес келетін суреттерді сызық арқылы қосайық. 1 цифрын қай карточкамен қостыңдар? 2 цифрын ше? 3 цифрын ше?

		1
		2
		3

Тапсырма: -Биік үйдің жанына аласа ағашты, Аласа үйдің жанына биік ағашты орналастыр. «Биік» ағаш қарағай, «Аласа» ағаш шырша.

-Биік ағаш қарағайды қандай үйдің жанына орналастырдыңдар?

-Аласа ағаш шыршаны қандай үйдің жанына орналастырдыңдар.

